

**"Арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асырылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін және Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2025 жылғы 10 қарашадағы № 482 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 қарашада № 37380 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асырылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін және Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №34030 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Астана - Технополис" арнайы экономикалық аймағы:

- 1) өзге де тамақ өнімдерін өндіру;
- 2) ұн тарту және жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмал және құрамында крахмал бар өнімдерді өндіру;
- 3) фармацевтикалық препараттар өндірісі;
- 4) шыныдан және шыныдан жасалған бұйымдар өндірісі;
- 5) абразивті бұйымдар мен өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісі;
- 6) өзге де металл цистерналар, резервуарлар мен контейнерлер өндірісі;
- 7) өзге де дайын металл бұйымдарын өндіру;
- 8) компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндірісі;
- 9) сәулелендіруге арналған жабдықтар, электр-медициналық және электр-терапевтік жабдықтар өндірісі;
- 10) электр тарату және реттеу аппаратурасының электр қозғалтқыштарын, генераторларын, трансформаторларын өндіру;
- 11) электр жарықтандыру жабдықтарын өндіру;
- 12) электр өткізгіштер мен электр өткізгіш аспаптарды өндіру;
- 13) басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі;

- 14) жалпы мақсаттағы машиналар өндірісі;
- 15) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;
- 16) бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару;
- 17) компьютерлік бағдарламалау, консультациялар және басқа да ілеспе қызметтер;
- 18) сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар және талдау саласындағы қызмет;
- 19) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
- 20) денсаулық сақтау саласындағы қызмет;
- 21) денсаулықты қорғау жөніндегі өзге де қызмет;
- 22) орындықтар мен басқа да орындық жиһаздарын өндіру;
- 23) орындықтар мен орындықтарға арналған басқа да жиһаздардан басқа кеңселер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз өндірісі;
- 24) ас үй жиһазын өндіру;
- 25) құрылыс болат конструкцияларын өндіру;
- 26) алюминийден және алюминий қорытпаларынан жасалған құрылыс конструкциялары мен бұйымдарын өндіру;
- 27) контейнерлік және жиналмалы-жиналмалы ғимараттар мен үй-жайларды өндіру ;
- 28) құрылыс пластик бұйымдарын өндіру;
- 29) медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтар өндірісі;
- 29-1) жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды салу және пайдалануға беру;
- 30) суықтай қалыптау немесе ию;
- 31) орталық жылыту радиаторлары мен қазандықтарын өндіру;
- 32) орталық жылыту қазандықтарынан басқа бу қазандықтарын өндіру;
- 33) жобалық-сметалық құжаттама шеңберінде осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 29-1), 30), 31), 32) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін тікелей жүзеге асыруға арналған объектілерді, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін салу және пайдалануға беру."

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік инфрақұрылымды және елішілік құндылықты дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Өнеркәсіп және құрылыс министрінің  
міндетін атқарушы*

*И. Шархан*

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК